

№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Тамыз

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы»

Өткізу формасы: Нұсқаушы

№	Мазмұны	Негіздеме	Жауаптылар
1	«Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы» Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы	Есеп беру	Директор Әдіскер
2	Нормативтік құжаттармен таныстыру (Әдістемелік хат; стандарт пен бағдарлама)	Нормативтік құжаттар	Әдіскер Медбике
3	«Балабақшаның жаңа 2025-2026 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту»	Жылдық жоспар перспективалық жоспарлар, ҰІӨ кестесі, күн тәртібі	Директор Әдіскер
4	Өртүрлі мәселелер. 1) Балабақша ішілік шығармашылық топ құру, құрамын бекіту 2) Педагог портфолиосы туралы ақпарат 3) Аттестация нәтижесі бойынша тәрбиешілерді марапаттау	Шығармашылық топ туралы ереже Қорытынды анықтама	Директор Әдіскер

№ 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

қараша

Тақырыбы: «Асық ойын технологиясын қолдану»

№	Мазмұны	Негіздеме	Жауаптылар
1	№1 педагогикалық кеңесінің шешімдерінің қортындысы	№1 педкеңес шешімі	Әдіскер Ж.Балгабаева
2	Кеңес: «Ойын -балаларды тәрбиелеу және дамыту құралы»	Кеңес	Тәрбиеші А.Бажиева
3	Педагогикалық әдеп туралы	Нұсқау –кеңес	Әдіскер Ж.Балгабаева
4	Өз білімін жетілдіру, баққа мақалалар жариялау	Бақылау	Директор Әдіскер

№3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

қаңтар

Тақырыбы: «Мектеп дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту»

№	Мазмұны	Негіздеме	Жауаптылар
1	Өткен педкеңес шешімнің орындалуының есебі.	№2 педкеңес шешімі	Әдіскер Ж.Балгабаева
2	Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі.	Қорытынды кесте	Әдіскер Ж.Балгабаева
3	Күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы (кіші, ортаңғы, ересек топтары)	Бақылау анықтамасы	Директор А.Базылбекова

№4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Сәуір

Тақырыбы: «Мектеп дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту»

№	Мазмұны	Негіздеме	Жауаптылар
1	Өткен педкеңес шешімнің орындалуының есебі.	№3 педкеңес шешімі	Әдіскер Ж.Балгабаева
2	Екінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған оқу қызметтер жоспарларының жазылуы.	Бақылау анықтамасы	Әдіскер Ж.Балгабаева
3	Серуенді іске асыру және ұйымдастыру	Баяндама	Тәрбиеші Утегенова Г.Ж

№5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Мамыр

Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылының қорытындыларын талдау.
Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру»

№	Мазмұны	Негіздеме	Жауаптылар
1	Бөбекжайдың 2025-2026 оқу жылының қорытындысы.	Қорытынды	Әдіскер Ж.Балгабаева
2	Педагогтердің жұмысының есебі.	Қорытынды	Әдіскер Ж.Балгабаева
3	Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын бекіту	Тексеру	Әдіскер Ж.Балгабаева
4	Жаңа оқу жылына бағыт бағдарлау.	кеңес	Директор А.Базылбекова

Педагогикалық кеңес

Хаттама №1

ЖК Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасында өткізілген педагогикалық кеңесінің хаттамасы.
27.08.2025ж.

Қатысуға тиісті: 11

Қатысқаны: 10

Дәлелді: 1

Күн тәртібінде

1. «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»

Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы

2. Нормативтік құжаттармен таныстыру (Әдістемелік хат; стандарт пен бағдарлама)

3. «Балабақшаның жаңа 2025-2026 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту»

1) 2025-2026 оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру.

2) Педагогтардың перспективалық жоспарларын, ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен күн тәртібін бекіту.

3) Вариативтік компонент бойынша пәндерді таңдау, мазмұнымен таныстыру және бекіту.

Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту.

Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.

Әртүрлі мәселелер.

1) Балабақшаішілік шығармашылық топ құру, құрамын бекіту.

2) Педагог портфолиосы туралы ақпарат.

Тыңдалды: Балбақшамыздың директоры Айдана Базылбекова балабақшамыз өткен 2024-2025 оқу жылында алдына қойған міндеттерін толықтай орындалғанын айтып өтті. Оқу жылында кеткен кемшіліктерге, білім сапасының мониторингісіне тоқталып өтті. Жаңа оқу жылында жақсы жетістіктерге жетуіне тілек білдірді. Биылғы оқу жылына жаңадан келген тәрбиешілер: Бупежанова Толғанайды ұжыммен таныстырып, жұмысына сәттілік тіледі. Педагогикалық қызметкерлердің сандық және сапалық құрамымен таныстырып өтті.

Бірінші мәселе бойынша, Әдіскер жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстарды қорытындылады (сауықтыру жұмысының сараптамасы). Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталды.

Гүлдана Утегенова – «Құлпынай» мектепалды тобының тәрбиешісі сөйледі

-Жаз бойы балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары, спорттық және қимыл-қозғалыс ойындары, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар, сумен шынықтыру шаралары ұйымдастырылды. Пайдалы тамақтану рационы жемістер мен көкөністер бала ағзасын шынықтыру, күн сәулесі, балалар туризмі жаяу, велосипедпен, табиғатта серуендеу секілді түрлі мерекелік шаралар, ата-аналармен сауықтыру-ағарту жұмыстары жүргізілді.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Балгабаева Жаннат жаңа 2025-2026 оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа оқу жылының жылдық міндеттерімен және жоспарымен таныстырды. Жаңа оқу жылының жылдық мақсаттары мен міндеттері, жоспары педагогикалық кеңесте талқыланды және бекітілді.

2025-2026 жаңа оқу жылының перспективалық жоспарымен ұйымдастырылған іс – әрекетінің кестесімен және әдістемелік нұсқаулықпен таныстырылды.

2025-2026 оқу жылындағы балабақшаның жылдық жұмыс жоспарының тақырыбы: Мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік физикалық шығармашылық қабілеттерін дамытып ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, асық ойын технологиялары арқылы қабілеттерін ұштау, білімдерін дамыту.

Міндеттері:

- Балалардың денсаулығын нығайтып, өмірін қорғау, қауіпсіз дамытушы орта құру.

- Асық ойын технологиясын қолдана отырып балалардың ұсақ қол моторикасын, тілін, танымын дамытып, баланың мінез – құлқын, өзін – өзі көрсетуін қалыптастыру.
- **Сөз алды:** Убайдуллаева Гулнар «Балапан» ортаңғы топ тәрбиешісі сөйледі
- 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-оқыту үрдісінде негізгі бағытымыз ата-аналар мен педагогтердің ынтымақтастығын дамытып, тығыз қарым қатынас орнату. Жаңа инновациялық технологияларды кеңінен қолдану арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Асық технологияларын қолдану арқылы балалардың зияткерлігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту керек екенін айтты.
- Биылға жаңа оқу жылында «Балауса» топқа балалар қабылдадым балалардың бөбекжайға бейімделуі орташа жағдайда өтуде. Осы бағытта ата аналармен де бірігіп жұмыс жасап отырмыз. Ата аналармен, бөбекжай қызметкерлерімен бірлесе балалардың балабақша тез бейімделіп кетуіне жағдай жасалуда.

Сөз алды: Балабақшаның әдіскері Балгабаева Жаннат педагогтерді жаңа аттестаттау ережесімен және аттестаттаудан өтетін педагогтердің тізімімен таныстырды. Аттестаттау комиссиясын құру және жұмыс жоспарларымен таныстыру бойынша балабақша директоры А.Базылбекова айтып өтті.

-2025-2026 оқу жылы бойынша аттестациядан өтетін барлық пән мұғалімдері мен тәрбиешілер №192 бұйрықта көрсетілгендей әр біліктілік санатына тапсыру үшін төмендегідей талаптарға сай болуы қажет. "Педагог-модератор" біліктілік санатына: тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сондай-ақ қайта даярлау курстарынан өткен, кемінде екі жыл педагогикалық өтілі бар, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін адамдар, "педагог-сарапшы" біліктілік санатына: тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сондай-ақ қайта даярлау курстарынан өткен, кемінде үш жыл педагогикалық өтілі бар, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін адамдар: "педагог-модератор" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, сонымен қатар ұйымдастырылған іс-әрекетін, оқу-тәрбие процесін талдау дағдыларына ие, білім беру ұйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын конструктивті анықтайды, аудандық/қалалық деңгейде тәжірибе жинақтайды, аудандық/қалалық деңгейдегі олимпиадаларға, конкурстарға жарыстарға қатысушылары бар; 3) "педагог-зерттеуші" біліктілік санатына: тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сондай-ақ қайта даярлау курстарынан өткен, кемінде төрт жыл педагогикалық өтілі бар, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін адамдар, міне сондықтан тестке

бармас бұрын жоғарыдағы талаптарға сәйкес келе ме, соны анықтап, түрлі байқауларға қатысып, тәрбиеленуші жетістігімен қоса, баспасөз беттерінде мақала жариялауды, авторлық шығармаларды шығаруға жұмыстанайық.

-Әріптестер барлығыңызға жаңа оқу жылына шығармашылық жетістіктер тілей отыра, алдағы аттестацияға өтініш білдіргендерге сәттілік тілеймін.

Балабақшамызда жұмыс жасап жүрген жас мамандарға тәлімгер бекітілді.

Жас мамандарға тәлімгер

№	Жас маман	лауазымы	еңбек өтілі	санаты	тәлімгер	лауазымы	санаты	еңбек өтілі
1	Убайдуллаева Гулнар	тәрбиеші	1 жыл 8ай	Педагог- тағылымда машы	Балгабаева Жаннат	Әдіскер	Педагог - модератор	16жыл

Шығармашылық топ.

№	Педагог аты-жөні	лауазымы
1	Утегенова Гулдаа	Тәрбиеші
2	Бажиева Арайлым	Тәрбиеші
3	Көмекеова Мадина	Қазақ тілі мұғалімі
4	Жангожаева Мәдина	Музыка жетекшісі
5	Смагулова Ақниет	Хореграф жетекшісі

Шешім: 1.Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы жақсы деп бағалансын.


2.Педагогтардың перспективалық жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен күн тәртібі,вариативтік компонент бойынша таңдалған пән бойынша жоспары жаңа стандарт талаптарына сай жасақталып бекітілсін.

3.Жаңа оқу жылына орай педагогтардың портфолиосы толықтырылып жасақталсын.

5.Жоғарыдағы барлық міндеттемелерді орындау балабақша әдіскері Ж.Балгабаеваға міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



А. Н. Базылбекова

Ж.К. Балгабаева

Педагогикалық кеңес

Хаттама №2

ЖК Н.И. Ғайып «Ақбөбек» балабақшасында өткізілген педагогикалық кеңесінің хаттамасы.

23.11.2025ж.

Қатысуға тиісті: 11

Қатысқаны: 11

Күн тәртібінде

Тақырыбы: «Асық ойын технологиясын қолдану»

1. №1 педагогикалық кеңесінің шешімдерінің қортындысы
2. Кеңес: «Ойын -балаларды тәрбиелеу және дамыту құралы»
3. Педагогикалық әдеп туралы
4. Өз білімін жетілдіру, баққа мақалалар жариялау

Балабақша әдіскері Ж.Балгабаева

Тыңдалды №1 Педкеңес шешімінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері Ж.Балгабаева айтып өтті. Педагогтардың перспективалық жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен күн тәртібі, вариативтік компонент бойынша таңдалған пән бойынша жоспары жаңа стандарт талаптарына сай жасақталып, Аттестаттау комиссиясының құрамындағы педагогтар өтініш берушілердің портфолиосын қарап жаңа талаптарға сай тексерілді. Жаңа оқу жылына орай педагогтардың портфолиосы толықтырылып жасақталды.

Сұрақ болған жоқ.

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі А.Бажиева «Ойын -балаларды тәрбиелеу және дамыту құралы»- атты кеңес өткізді.

Тыңдалды: Бала мен балалар ұжымының дамуында мектеп жасына дейінгі іс-әрекетінің негізгі түрі ойын орасан зор роль атқарады. Ойын балалар үшін айналадығы танып, білу тәсілі. Ойын мен ойын әрекеті мазмұннан әлеуметтік сипаты баланың қоғамда өмір сүретіндігімен байланысты. Ол алғашқы айлардан бастап-ақ маңайындағылармен қарым-қатынас жасауға ұмтылады, соның арқасында жасау құралы, күш қуаты тілді біртіндеп меңгереді. Ойынның түпкі ниеті – бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: «Дүкен», «Аурухана», «Ұшқыштар», «Отбасы», «Балалар бақшасы» және т.с.с. болып ойнайды. Ойынның сюжеті, мазмұны – бұл оның жанды тұлғасын құрайтын, ойын әрекеттерінің, балалардың өзара қарым-қатынастарының дамуын, көп жақтылығын және өзара байланысын анықтайтын нәрсе. Ойынның мазмұны оны қызықты етеді, ойнауға ықылас пен

ынтаны қоздырады. Ойын процесінде балалардың өздері ойнаушылардың мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасын анықтайды және реттейтін ереже белгілейді. Ойын бала үшін нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. Тәрбиеші балаларға жақын болуға, олардың ойындарының сүйікті қатысушысы болуға тиіс. Ойынның мазмұны мен ережесін, өзінің ойындағы ролін пайдаланып, ойнаушылардың ынтасын басып тастамай, әдеппен ойынның барысын, олардың өзара қарым-қатынасын бағыттап отырады.

Мектепалды топ тәрбиешісі Г.Утегенова сөз сөйледі. ойындар да топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Ойын балаларға сабақта да, серуенде де өте қажет, тіпті бала жай демалып отырғанның өзінде де ойын үстінде болады. Қимылды ойындар баланың барлық жас кезеңінде өтеді. Қазіргі таңда Сорос бағдарламасының технологиясымен жұмыс істеп жатқан кезде, оның аты айтып тұрғандай-ақ оқыту іс әрекеттері ойын орталықтары арқылы өтеді. Мұнда балалар тек ойын орталықтарымен шектеліп қалады деген сөз емес, ертеңгілік жиында, не болмаса оқыту іс әрекетінің соңында ойын түрлерін міндетті түрде қолданылады. Тіпті балалардың қызығушылығына қарай олар оқыту іс әрекетінің кейін де сол орталықта ойынын жалғастыра береді. Күні бойы балалар жабдықталған ойын орталықтарында ойын алаңы ретінде ойнай алады. Өмірдегі түсінігі еліктеуі, бақылауы осы ойын үстінде көрініс табады.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Балгабаева педагогикалық әдеп туралы айтып өтті.

Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады. Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді.

Ересек тобының тәрбиешісі Т. Бупежанова сөз сөйледі. Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр бүлдіршінге жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім

киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, оқушылар мұғалімнің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Педагогтің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.

Төртінші мәселе бойынша өз білімін жетілдіру, баққа мақалалар жариялау туралы әдіскер Акжигитова Улмекен айтып өтті. Әрбір педагог тақыры бойынша ізденіп, әрбір балаға жеке эксперимент жасалуы қажет. Оқу жылының басында берілген әдістемелік нұсқаулық бойынша жұмыстанып, жас мамандарға тәжірибелі мамандардың оқыту іс әрекеттеріне қатысу сұралады. Сонымен қатар тәжірибелі мамандарға өзінің тәжірибесін бөлісу мақсатында баққа мақалалар жариялансын.

Шешім:

1. «Ойын -балаларды тәрбиелеу және дамыту құралы» жұмыс барысында қолданылсын.
2. Педагогикалық әдеп сақталсын.
3. Өз білімін жетілдіріп, баққа мақалалар жариялансын.

Төрайымы:

Хатшы:



А. Базылбекова

Ж. Балгабаева

Педагогикалық кеңес

Хаттама №3

ЖК Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасында өткізілген педагогикалық кеңесінің хаттамасы.

14.01. 2026ж.

Қатысуға тиісті: 10

Қатысқаны: 10

Тақырыбы: «Мектеп дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту»

- 1.Өткен педкеңес шешімнің орындалуының есебі.
- 2.Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі.
- 3.Күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы (ортаңғы, ересек топтары)

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша

№2 Педкеңес шешімінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері Ж.Балгабаева айтып өтті. «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алды. Өз білімін жетілдіру, баққа мақалалар жариялау басты назарда.

Сұрақ болған жоқ.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша 1 жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы 2026 жылдың 5 қаңтарында ҚР оқу-ағарту министрлігі балаларды ерте дамыту институтының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары бекітіліп келді. Осы жаңа өзгеріс бойынша барлық пән мұғалімдері мен топ тәрбиешілеріне мониторингтегі өзгерістер туралы түсіндіріліп дөңгелек үстел ұйымдастырылды, қаңтар айына барлық жас ерекшелік топтарынан аралық мониторинг алынды.

Сөз алды. «Балапан» ортаңғы тобының тәрбиешісі Убайдуллаева Гулнар Жылдың басында балалардың төмен деңгей көрсеткен балалар мен жеке жұмыс жүргізіліп, олардың деңгейі көтерілді.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы (кіші, ортаңғы, ересек топтары)

Балабақша әдіскері Ж.Балгабаева күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы бойынша балабақшада тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатындағы өткізілетін іс-шаралар туралы айтып өтті. Ондағы мақсатымыз, балалардың қимыл әрекетін едәуір белсендендіру, ал бұл өз кезегінде балалардың денсаулығының жалпы жағдайының жақсаруына алып келеді, балалардың салауатты өмір сүруге сұранысы мен құндылықтық бағытталуын ынталандыру. Топтарда күннің екінші жартысында балаларды ұйқыдан оятып, шынықтыру шараларынан басталады. Ойын арқылы балаларға оқыту іс әрекеттері жүргізілді. Серуенге шығып қимылды қозғалыс ойындары ойнатылды. Жеке жұмыстарда балалармен жасалып отырды.Бесін, кешкі астары жүйелі түрде беріліп ата-аналарыны уактылы тапсырылып отырды.

Бажиева Арайлым сөз сөйледі.

Дені сау ұрпақ болашақ жарқын жұлдыздарымыз. Күн тәртібі бойынша жүйелі түрде жұмыс жасау әрбір тәрбиешінің міндеті.Өткізілетін барлық іс-шараларға тәрбиеші ретінде өз үлесімді қосамын.

Шешім

- 1.Өткен педкеңес шешімнің орындалуының есебі.
- 2.Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі қадағалау әдіскер Ж. Балгабаева жүктелсін.
- 3.Күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы (кіші, ортаңғы, ересек топтары) жүйелі жүргізілуін қадағалау әдіскер Ж. Балгабаеваға жүктелсін.

Төрайымы:

Хатшы:



А. Базылбекова

Ж.Балгабаева

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

ХАТТАМАСЫ №4

2026 жылғы сәуір айы

Тақырыбы:

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту»

Өткізілген күні: 2026 жылғы 13 сәуір

Өтетін орны: Бөбекжай залы

Қатысқандар: Директор А.Н. Базылбекова, әдіскер Ж.К. Балгабаева
тәрбиешілер, мамандар

Қатыспағандар: Жок

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуының есебі.
Баяндамашы: Әдіскер Балгабаева Ж.К
2. Екінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған оқу қызметі
жоспарларының жазылуы.
Бақылау анықтамасы негізінде Әдіскер Балгабаева Ж.К
3. Серуенді ұйымдастыру және іске асыру Баяндамашы: Тәрбиеші
Г.Утегенова

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша:

Әдіскер Балгабаева Ж.К №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы жөнінде есеп берді. Шешімдердің басым бөлігі толық орындалғаны, оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуы жүйелі жүргізілгені атап өтілді. Әдіскер кейбір бағыттар бойынша қосымша жұмыстар жүргізу қажеттігін айтты. Әдіскер Балгабаева Ж.К №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы кеңейтілген есеп ұсынды. Жыл басында бекітілген жоспарға сәйкес тәрбиешілердің әдістемелік, тәрбиелік және ұйымдастырушылық бағыттағы жұмыстары жүйелі түрде орындалғаны атап өтілді. Әдіскердің айтуынша, топтарда оқу-тәрбие процесі бағдарламалық талаптарға сай ұйымдастырылып, педагогтер балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түрлі дамытушы әдіс-тәсілдерді қолданған.

Сонымен қатар, құжаттамалардың уақытылы жүргізілгені, ҰОҚ жоспарларының жүйелі жаңартылып отырғаны, ата-аналармен байланыс жұмыстарының тұрақтылығы талқыланды. Бақылау нәтижесінде педагогтердің балалармен қарым-қатынас мәдениеті, эмоционалды жайлылықты қамтамасыз етуі, сабақтағы белсенді әдістерді қолдану көрсеткіштері оң бағаланды.

Дегенмен, әдіскер кейбір бағыттар бойынша қосымша жұмыстар қажет екенін атап өтті. Атап айтқанда:

- жеке жұмыс жоспарын нақтылау;
- балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған қосымша жаттығулар енгізу;
- серуен кезіндегі бақылау жұмыстарын жүйелеу;
- құжаттарды рәсімдеуде бірізділікті сақтау;
- педагогтердің кәсіби дамуына арналған әдістемелік оқуларға қатысу белсенділігін арттыру.

Әдіскер осы бағыттарды жақсарту үшін нақты ұсыныстар беріп, педагогтерге тиісті түзету жұмыстарын уақытында орындауды тапсырды.

Сөз алды: Утегенова Гулдана мектепалды тобының тәрбиешісі сөйледі

Әдіскер тарапынан айтылған ұсыныстарды толық қолдаймын. Атап айтқанда:

- жеке жұмыс жоспарларын нақтылау;
- балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған қосымша жаттығуларды енгізу;
- серуен кезіндегі бақылау жұмыстарын жүйелеу;
- құжаттарды рәсімдеуде бірізділікті сақтау;
- кәсіби даму бойынша әдістемелік оқуларға қатысуды күшейту — бұл біздің қызметіміздің сапасын арттыруға бағытталған маңызды бағыттар.

Өз тарапымнан аталған түзету жұмыстарына белсенді қатысып, білім беру процесінің сапасын арттыруға бар күшімді салуға дайын екенімді білдіремін. Ұсыныстардың барлығы ұжымдық жұмыстың нәтижелілігін арттыруға ықпал етеді деп сенемін.

Екінші мәселе бойынша:

Әдіскер топ педагогтерінің екінші жарты жылдық ҰОҚ жоспарларын тексеру нәтижесін ұсынды. Жоспарлардың мазмұны, тақырыптық құрылымы, әдістемелік талаптарға сәйкестігі қаралды. Кемшіліктер анықталған топ педагогтеріне жоспарды қайта қарап, толықтыру тапсырылды.

Сөз алды: А. Бажиева ересек тобының тәрбиешісі сөйледі

Өз тарапымнан берілген ұсыныстар мен талаптарды толық қолдаймын. Ересек тобының тәрбиешісі ретінде ҰОҚ жоспарларын әдістемелік талаптарға толық сәйкестендіріп, мазмұндық тұрғыдан байытып, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жоспар құруды әрі қарай да жалғастыратынымды жеткіземін. Әдіскер тарапынан көрсетілген бағыттар педагогтердің кәсіби дамуына, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға ықпал етеді деп сенемін.

Үшінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші Г. Утегенова серуенді ұйымдастырудың маңыздылығы туралы баяндама жасады. Балалардың денсаулығын нығайту, қозғалыс белсенділігін арттыру, табиғатты бақылау, ойындарды дұрыс жоспарлау және қауіпсіздік техникасын сақтау мәселелері талқыланды.

Сөз алды: Г. Убайдуллаева ортаңғы тобының тәрбиешісі сөйледі

Тәрбиеші Г. Утегенованың серуенді ұйымдастырудың маңыздылығы жөніндегі баяндамасын тыңдай отырып, бұл тақырыптың оқу-тәрбие процесіндегі ерекше рөлін тағы бір мәрте айқындадық.

Серуен — балалардың денсаулығын нығайтуға, қозғалыс белсенділігін арттыруға, табиғатпен танысуына және қоршаған ортаға қызығушылығын дамытуға ықпал ететін маңызды жұмыстың бір бөлігі. Сонымен қатар, дұрыс ұйымдастырылған серуен барысында балалардың танымдық қабілеттері дамып, ойын әрекеттері арқылы әлеуметтік дағдылары қалыптасады.

Баяндамада қозғалыс ойындарын тиімді жоспарлау, табиғатты жүйелі бақылау ұйымдастыру және қауіпсіздік ережелерін сақтау мәселелері толық әрі нақты айтылды. Бұл бағыттар педагог тарапынан жоғары жауапкершілікті талап етеді және күнделікті жұмысымызда ерекше назарда болуы тиіс.


Өз тарапымнан серуенді жоспарлау мен ұйымдастыруда әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алып, қауіпсіздік талаптарын сақтауды, балалардың белсенді қимыл-қозғалысын арттыруды әрі қарай да жүйелі түрде жүзеге асыратынымды атап өткім келеді.

А. Ақпанбетова көтерген мәселелердің өзектілігін толық қолдаймын және ұсынылған бағыттардың оқу-тәрбие процесінің сапасын жақсартуға айтарлықтай ықпал ететініне сенімдімін.

Шешім:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. ҰОҚ жоспарларын жазу мен рәсімдеу талаптары педагогтерге қатаң түрде сақталсын.
3. Серуенді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар педагогтер тарапынан міндетті түрде қолданылсын.
4. Балалардың қауіпсіздігі бірінші кезекте қамтамасыз етілсін, қауіпсіздік ережелері үнемі бақылауда болсын.

Төрайым: Директор:

 А.Н. Базылбекова

Хатшы;

 Ж.К. Балгабаева

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №5

Мамыр айы

Тақырыбы:

«2025–2026 оқу жылының қорытындыларын талдау. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру»

Өткізілген күні: 28 мамыр 2026 ж.

Өтетін орны: «Ақбөбек» балабақшасы

Қатысқандар: Директор А.Базылбекова, әдіскер Ж.Балгабаева топ тәрбиешілері, мамандар

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Бөбекжайдың 2025–2026 оқу жылының қорытындысы.
Баяндамашы: Әдіскер
2. Педагогтердің жұмысының жылдық есебі.
Баяндамашы: Әдіскер
3. 2026 жылғы жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын бекіту.
Баяндамашы: Әдіскер
4. 2025–2026 оқу жылына бағыт–бағдар беру.
Баяндамашы: Директор

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Әдіскер 2025–2026 оқу жылы бойынша бөбекжай жұмысының қорытындысын баяндады. Жыл бойғы жоспардың орындалуы, тәрбиелік, оқу-дамыту іс-шаралары, балалардың дамуы, педагогтердің жұмыс нәтижелері талқыланды. Артықшылықтары мен жетілдіруді қажет ететін бағыттар аталды.

Сөз алды: Г. Убайдуллаева «Балапан» тобының тәрбиешісі

Әдіскердің 2025–2026 оқу жылына арналған бөбекжай жұмысының қорытынды есебін тыңдай отырып, оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстардың жүйелілігі мен нәтижелілігі айқын көрінгенін атап өткім келеді.

Жылдық жоспардың орындалуы бойынша жүргізілген талдау тәрбиелік, оқу-дамыту іс-шараларының тиімді ұйымдастырылғанын, балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамуына бағытталған жұмыстардың нәтижелі жүргізілгенін көрсетеді. Педагогтердің кәсіби қызметінің бағалануы —

ұжымның бірлескен еңбегінің деңгейін айқындайтын маңызды көрсеткіш деп білемін.

Есеп барысында артықшылықтармен қатар, жетілдіруді қажет ететін бағыттардың атап өтілуі — келесі оқу жылында жұмысты жоспарлау мен жетілдіруге бағыт-бағдар береді. Бұл ұсыныстар педагогикалық жұмысымызды бір қадам алға жылжытуға мүмкіндік туғызады деп ойлаймын.

Ортаңғы топ тәрбиешісі ретінде өз тарапымнан әдіскердің ұсыныстарын қолдай отырып, балалардың дамуына арналған оқу-тәрбие процесін әрі қарай да нәтижелі, жүйелі жүргізуге дайын екенімді білдіремін. Жетілдіруді қажет ететін бағыттар бойынша жұмыс жасап, әдістемелік талаптарды сақтауды жалғастырамын.

ТЫҢДАЛДЫ:

2-мәселе бойынша:

Педагогтердің жылдық есептері тыңдалды. Әр педагог топтағы оқу-тәрбие процесінің нәтижесін, балалардың дамуы бойынша көрсеткіштерді, жылдық мақсаттардың орындалуын, қолданылған әдіс-тәсілдерді баяндады. Әдіскер есебі бойынша педагогтердің кәсіби өсуі мен жетістіктері атап өтілді.

Сөз алды: Г. Утегенова мектепалды тобының тәрбиешісі сөйледі

Әдіскер есебі бойынша педагогтердің кәсіби өсуі мен жетістіктері атап өтілді. Бұл — біздің ұжымның бірлескен, жүйелі еңбегінің нәтижесі және педагогикалық шеберліктің айқын көрінісі.

Өз тарапымнан педагогтердің тәжірибелерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін әрі қарай жетілдіру, балалардың дамуын жан-жақты қолдау, жаңа әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдану бағытында жұмыс жасайтынымды атап өткім келеді. Педагогтердің кәсіби жетістіктерін арттыруға арналған ұсыныстарды толық қолдаймын және оларды өз жұмысымда іске асыруға дайынмын.

ТЫҢДАЛДЫ:

3-мәселе бойынша:

Әдіскер 2026 жылғы жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын таныстырды. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған ойын, қимыл-қозғалыс, қауіпсіздік, серуен, танымдық іс-шаралар жоспары ұсынылды. Кеңес мүшелері жоспарды талқылап, бекіту туралы шешім қабылдады.

Сұрақ болған жоқ

ТЫҢДАЛДЫ:

4-мәселе бойынша:

Директор жаңа 2026–2027 оқу жылына ұсыныстар, бағыт-бағдар берді. Келесі оқу жылына қойылатын міндеттер, педагогтердің кәсіби дамуы, оқу үдерісін жетілдіру бағыттары таныстырылды.

Сөз алды: Балгабаева Жаннат балабақша әдіскері сөйледі.

Директордың жаңа 2025–2026 оқу жылына арналған ұсыныстары мен бағыт-бағдарын тыңдап, алдағы міндеттерді нақтылап, педагогикалық жұмысымыздың дамуына арналған жоспарларды зерделедік.


Келесі оқу жылында педагогтер алдында қойылатын міндеттер: кәсіби дамуды жетілдіру, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыру, жаңа әдіс-тәсілдерді тәжірибеде тиімді қолдану болып табылады. Сонымен қатар, оқу процесін ұйымдастырудағы жаңашылдықтар мен балалардың дамуына бағытталған іс-шараларды жетілдіру маңызды деп көрсетілді.

Өз тарапымнан аталған ұсыныстарды қолдай отырып, педагогикалық ұжыммен бірлесе отырып, оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыруға, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға және балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге барынша үлес қосатынымды білдіремін.

ШЕШІМ:


1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы мақұлданын.
2. Педагогтердің жылдық есептері қабылданын.
3. 2026 жылғы жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін және іске асырылсын.
4. 2026–2027 оқу жылына арналған бағыт-бағдар бойынша ұсыныстар жұмыс барысында басшылыққа алынсын.

Төраға:



А.Базылбекова

Хатшы:



Ж.Балгабаева